


Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі


Қызылорда ашық университеті

«Бекітемін»

Қызылорда ашық
университетінің ректоры

 Қ.А.Бисенов

«28» 08 2023ж.



**Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау
ЕРЕЖЕСІ**

Қызылорда 2023

1. ҚОЛДАНУ АЙМАҒЫ

Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қызылорда ашық университетінде білім алушыларды ауыстырудың және қайта қабылдаудың тәртібін айқындайды.

2. ЗАҢНАМАЛЫҚ СІЛТЕМЕЛЕР

- ✓ 1) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы;
- ✓ 2) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары»;
- ✓ 3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары»;
- ✓ 4) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары»;

3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Білім алушыларды бір білім беру ұйымынан екіншісіне, бір тілдік бөлімнен екінші тілдік бөлімге, бір білім беру бағдарламасынан екінші білім беру бағдарламасына, ақылы негізде оқудан мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқуға ауыстыру жүзеге асырылады.

2. Білім алушыны ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстыру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 07 қыркүйектегі № 772 қаулысымен бекітілген «Жоғары білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережесіне» сәйкес білім алу процесінде босаған білім беру гранттарын беру арқылы жүзеге асырылады.

3. Білім алушылардың ауыстыру және қайта қабылдау туралы өтініштерін университет ректораты жазғы және қысқы демалыс кезеңінде, бірақ кезекті академиялық кезең басталғанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей қарастырады.

4. Білім алушы кез келген жоғары оқу орнына оқудан шығарылған мерзіміне қарамастан қайта қабылданады.

5. Егер білім алушы жеке оқу жоспарына сәйкес меңгеріп жатқан бағдарламасының бірінші академиялық кезеңін толық аяқтаса ғана, ол оқудан шығарылғаннан кейін ауыса алады немесе қайта қабылдана алады.

6. Білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде олардың өткен академиялық кезеңдерде оқыған жұмыс оқу жоспарларындағы пәндердің академиялық айырмашылығы айқындалады.

7. Білім алушыны ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде олардың әрі қарай оқу курсы пререквизиттерді есепке ала отырып айқындалады.

8. Жұмыс оқу жоспарларының пәндеріндегі академиялық айырмашылық транскрипте немесе білім алуды аяқтамаған тұлғаларға берілетін анықтамада (бұдан әрі - анықтама) көрсетілген оқыған пәндерінің тізбесі, олардың бағдарламалары мен академиялық сағаттардағы немесе кредиттердегі көлемі негізінде айқындалады.

9. Меңгерілген кредиттерді қайта есептеу білім беру бағдарламаларын, меңгерілген пәндер тізбесінің мазмұнын, олардың көлемін, алынған білімді, білікті, дағдылар мен құзыреттерді, сондай-ақ оқыту нәтижелерін салыстыру негізінде жүргізіледі.

10. Оқу пәндері бойынша меңгерілген кредиттерді қайта тапсыру кезінде қорытынды бақылау нысанындағы айырмашылық ескерілмейді.

11. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру» қағидаларына сәйкес сынақ ең төменгі D (1,0; 50-54%) және ең жоғарғы A (4,0; 95-100%) аралығындағы диапазонда төрт балдық жүйе бойынша сандық эквивалентке сәйкес білім алушының оқу жетістіктерін бағалаудың әріптік жүйесіне теңестіріледі.

12. Білім беру гранты бойынша білім алатын білім алушы білім беру грантын сақтай отырып басқа ЖОО-ға ауыса алады.

Жекелеген ЖОО-лар үшін бекітілген білім беру гранты бойынша нысаналы орындарға, сондай-ақ бөлінген квота шегінде педагогикалық білім беру бағдарламаларына түскен студенттер басқа ЖОО-ға тек ақылы негізде ғана ауыса алады.

13. Белгіленген ауысу балына қол жеткізген және келесі курсқа ауыстырылған мемлекеттік білім беру тапсырысы (гранты) бойынша білім алушылар академиялық қарызы бар болған жағдайда мемлекеттік білім беру тапсырысын (грантын) сақтай отырып, академиялық қарызын ақылы негізде жояды.

14. Оқу ақысын төлемегені үшін оқудан шығарылған ақылы негізде оқитын білім алушы қарызын өтеген жағдайда, оқудан шығарылған күннен бастап төрт аптаның ішінде оқуға қайта қабылдана алады.

15. Білім алушыны бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне ауыстыру ақылы негізде оқу үшін ғана жүзеге асырылады.

16. Студенттерді университеттен ұлттық ЖОО-на ауыстыру білім алушылардың білім беру грантының құнындағы айырмашылығын қосымша төлеу шартымен жүзеге асырылады.

17. Шығармашылық даярлықты қажет ететін білім беру бағдарламаларының тобынан басқа білім беру бағдарламаларының тобына білім алушының ауысуы "Білім туралы" Заңның 5-бабының 11) тармақшасына сәйкес бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес белгіленген өту балынан төмен емес балы бар ұлттық бірыңғай тестілеу сертификаты болған жағдайда жүзеге асырылады.

Шетелдік ЖЖОКБҰ-лардан білім алушылардың ауысуы білім берудің тиісті деңгейі, білім беру саласы және қабылдау жылы бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы орналасқан және (немесе) Экономикалық

ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастықтарына кірген ұлттық және (немесе) шетелдік аккредиттеу органдарының халықаралық мамандандырылған аккредиттеуі бар ЖЖОКБҰ-да жүзеге асырылады.

18. Білім алушыны басқа ЖОО-нан Қызылорда ашық университетіне ауыстыру рәсімі келесі тәртіппен жүзеге асырылады:

1) білім алушы білім алып жатқан ЖОО-ында айналым парағын өтіп, білім алып жатқан ЖОО басшысының атына ауысу туралы еркін нысанда өтініш береді (мемлекеттік білім беру тапсырысымен (грантымен) немесе ақылы негізде ауысатынын көрсетіп) және ауысуға мөрмен бекітілген жазбаша келісім алып, Қызылорда ашық университеті ректорының атына өтініш білдіреді;

2) университет ректорының атына жазылған ауысу туралы өтінішке білім алып жатқан ЖОО басшысының жазбаша келісін (басшының қолы қойылып, мөр басылған), құзіретті қызметкерлер қол қойған, мөрмен бекітілген транскриптті (түпнұсқа), білім беру гранты иегері куәлігінің көшірмесі (болған жағдайда), білімі туралы құжаттың көшірмесі, оқыған оқу орнының және білім беру бағдарламасының лицензиясының көшірмесі, ҰБТ немесе КТ тапсыруы туралы сертификаттың көшірмесі, емтихан ведомостінің үзіндісі қоса беріледі;

3) Оқу процесінің тіркеуші офісі ұсынылған құжаттардың негізінде оқу жоспарларындағы пәндер айырмашылықтарын айқындайды және меңгерілген пререквизиттерге сәйкес оқу курсы белгілейді;

4) Оқу процесінің тіркеуші офісі білім алушыны ауыстыру туралы бұйрық жобасын дайындайды және *студенттік бөлім бұйрық шыққан соң үш жұмыс күні ішінде білім алушы бұрын оқыған жоғары оқу орнына құжаттарын жіберу туралы сұраныс хат жібереді.*

19. Білім алушыны Қызылорда ашық университетінен басқа ЖОО-на ауыстыру рәсімі келесі тәртіппен жүзеге асырылады:

1) білім алушы айналым парағын өтіп, университет ректорының атына басқа ЖОО-на ауысу туралы еркін нысанда өтініш береді (мемлекеттік білім беру тапсырысымен (грантымен) немесе ақылы негізде ауысатынын көрсетіп) және ауысуға мөрмен бекітілген жазбаша келісім алады;

2) ректордың жазбаша келісіміне құзіретті қызметкерлер қол қойған, мөрмен бекітілген транскриптті (түпнұсқа), білім беру гранты иегері куәлігінің көшірмесін (болған жағдайда), білімі туралы құжаттың көшірмесін, университеттің және білім беру бағдарламасының лицензия көшірмесін, ҰБТ немесе КТ тапсыруы туралы сертификаттың көшірмесін алып, ауысатын оқу орнына барады;

3) қабылдайтын оқу орны білім алушыны қабылдап алғаннан соң Қызылорда ашық университетіне құжаттарын жіберу туралы сұраныс хат жібереді;

4) сұраныс хат келгеннен соң үш жұмыс күні ішінде оқу процесінің тіркеуші офісі білім алушыны университеттен шығару туралы бұйрық жобасын дайындап, студенттік бөлім білім алушының құжаттарын сұранысқа сай жібереді.

20. Білім алушылар қатарына қайта қабылдау ақылы негізде ғана жүзеге асырылады.

21. Қызылорда ашық университетінде білім алушыларды қайта қабылдау рәсімі келесі тәртіппен жүзеге асырылады:

1) білім алушы қайта қабылдауға университет ректорының атына өтініш береді және білім алушының жеке құжаттары университет мұрағатында болған жағдайда тек білім алуды аяқтамаған тұлғаларға берілетін анықтаманың түпнұсқасын ұсынады. Егер білім алушының жеке құжаттары университет мұрағатында болмаған жағдайда немесе басқа жоғары оқу орынынан оқудан шығып, университетке қайта қабылдауға келген жағдайда, ол жоғарыда келтірілген құжаттарға қоса білімі туралы құжаттың түпнұсқасын (қосымшасымен), бекітілген нысандағы медициналық анықтаманы ұсынады;

2) Оқу процесінің тіркеуші офісі ұсынылған құжаттардың негізінде оқу жоспарларындағы пәндер айырмашылықтарын айқындайды және меңгерілген пререквизиттерге сәйкес оқу курсы белгілейді;

3) Оқу процесінің тіркеуші офісі білім алушыны ауыстыру туралы бұйрық жобасын дайындайды.

21. Білім алушы академиялық демалыстан шыққан соң университет ректорының атына өтініш береді және ауруына байланысты академиялық демалыста жүрген білім алушы осы білім беру бағдарламасы бойынша білімін жалғастыру мүмкіндігі туралы қорытындымен қоса науқасты қараған денсаулық сақтау ұйымынан денсаулығы туралы ДКК (ОДКК) анықтамасын, құзіретті қызметкерлер қол қойған, мөрмен бекітілген транскриптті (түпнұсқа) тапсырады.

Егер білім алушы академиялық демалысты Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарында әскери міндетін өтеу үшін алған болса, онда ол өтініш пен транскриптке қоса әскери билетінің көшірмесін ұсынады, ал білім алушы академиялық демалысты босанғаны, ұл немесе қыз бала асырап алғаны үшін алса, онда ол өтініш пен транскриптке қоса нәрестенің туу туралы куәлігінің көшірмесін ұсынады.

Білім алу кезеңінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарында әскери міндетін өтеуге шақырылған білім алушылар тиісті оқу курсына қайта қабылданады.

Оқу процесінің тіркеуші офісі ұсынылған транскрипт негізінде оқу жоспарларындағы пәндер айырмашылықтарын айқындайды және ағымдағы оқу жылы ішінде тапсыруға қажетті пререквизиттер тізбесін анықтайды.

Ұсынылған құжаттардың негізінде Оқу процесінің тіркеуші офісі үш жұмыс күнінің ішінде білім беру бағдарламасын, курсы және тобын көрсете отырып, білім алушының академиялық демалыстан шығуы туралы бұйрық жобасын дайындайды.

22. Мемлекеттік білім беру гранты негізінде білім алушы академиялық демалыстан келген кезде университеттің есеп бөлімі аталған бұйрықтың көшірмесін қаржыландырудың тиісті сомасы мен мерзімдерін түзету үшін үш жұмыс күнінің ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне, ал білім алушы жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыс әкімінің грантының иегері болған жағдайда жергілікті атқарушы органдарға жолдайды.

23. Білім алушыларды шетелдік ЖОО-дан университетке ауыстыру ақылы негізде жүзеге асырылады.

Білім алушы шетелдік білім беру ұйымынан ауыстырылған немесе қайта қабылданған кезде мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Университет ректорының атына жазылған өтініш;
2) білімі туралы құжат қосымшасымен (түпнұсқа);
3) меңгерілген оқу бағдарламалары туралы құжат (академиялық анықтама немесе транскрипт);

4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы № 8 бұйрығымен бекітілген «Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау қағидаларында (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 14 мамырдағы № 206 бұйрығымен өзгерістер енгізілді) белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында нострификациялау рәсімінен өтуі тиіс білім берудің алдыңғы деңгейін аяқтағаны туралы құжат (егер алдыңғы білім шетелдік оқу орны болған жағдайда);

5) шетелдік білім беру ұйымдарына түсу алдындағы сынақ нәтижелері;

6) белгіленген нысанда медициналық анықтама.

Оқу процесінің тіркеуші офісі ұсынылған құжаттардың негізінде оқу жоспарларындағы пәндер айырмашылықтарын айқындайды және курсың және тобың көрсете отырып, білім алушының академиялық демалыстан шығуы туралы бұйрық жобасың дайындайды.

24. Жұмыс оқу жоспары пәндеріндегі академиялық айырмашылықты жою үшін білім алушы осы пәндерге жазылады, академиялық кезең ішінде оқу сабақтарының барлық түріне қатысады, ағымдағы бақылаудың барлық түрін тапсырады, қорытынды бақылауға жіберілгендігі туралы рұқсат алады.

Егер академиялық айырмашылық пәндері ағымдағы академиялық кезеңнің оқу сабақтарының кестесіне енгізілмеген жағдайда, білім алушы оларға жазғы қосымша семестрге жазылады.

25. Жазғы семестрде жойылмаған жұмыс оқу жоспары пәндеріндегі академиялық айырмашылық кейіннен академиялық берешек ретінде ескеріледі.

26. Білім алушыны ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде мүмкін болатын ең үлкен пән айырмашылығы 30 ECTS кредитінен (немесе 30 Қазақстандық кредиттен) аспау керек.

Келісілді:

Бірінші проректор



К.А.Еримбетов

Дайындағандар:

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор



А.Б.Әлібекова

Оқу процесін тіркеуші офісінің меңгерушісі



А.Х.Омарова